

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и науки  
Республики Казахстан**



Алматы қ.

13. 06.2016 ж.

**Баспасөз хабарламасы**

**Алматыда балаларға экология-биологиялық бағытта қосымша білім беруді дамыту сұрақтары талқыланады**

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Алматы қаласы білім басқармасымен бірлесе 2016 жылғы 13 маусымда балаларға экология-биологиялық бағытта қосымша білім беруді дамыту сұрақтары бойынша Республикалық үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысын өткізеді.**

Үйлестіру кеңесінің отырысы Қазақстан Республикасының 25 жылдығына арналған «Экспо-2017» шеңберінде «Қазақстан – менің елім» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумы аясында өткізіледі.

Отырыс жұмысына ҚР білім және ғылым, энергетика, ауыл шаруашылығы министрліктерінің, Алматы қаласының Мәслихат депутаттары, сонымен қатар білім беру ұйымдары, республиканың жас экологтар және натуралистер станциялары және орталықтары, «Жасыл» экономиканы қолдау және G-Global-ды дамыту Коалициясы» ЗТБ, Қазақстандағы БҰҰ Даму Бағдарламасы, ҮЕҰ өкілдері қатысады.

Қазіргі уақытта республикада 16 мыңнан астам оқушыны қамтыған 18 жас экологтар мен натуралистер станциялары мен орталықтарында, мектеп ішіндегі экология-биологиялық бағыттағы 6 692 үйірмеде 72 443 бала қамтылған.

Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарында экология-биологиялық бағыттағы бағдарлама бойынша барлығы 90 мыңға жуық балалар оқиды (оқушылардың жалпы санынан 3/3 пайызы).

Үйлестіру кеңесінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы білім алушылардың экологиялық білімін қалыптастыру сұрақтарын қарастыру жоспарланып отыр. Ведомствоаралық әрекеттесу жағдайында экология-биологиялық бағытта қосымша білім берудің жаңа тәсілдерін анықтау және жетілдірілген түрлерін дамытуға, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге

*Пресс-служба Министерства образования и науки Республики Казахстан  
010000, г. Астана, ул. Орынбор 8, 11 подъезд, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

*E-mail: [pressa@edu.gov.kz](mailto:pressa@edu.gov.kz)*

асыруға, «Жасыл экономика» бағдарламасы мен жоспарларына ерекше көңіл бөлінеді.

Сонымен қатар Батыс Қазақстан, Павлодар облыстарының, Алматы қаласының жас экологтар және натуралистер станциялары мен орталықтарының алдыңғы қатарлы жұмыс тәжірибелерін презентациялау жоспарланып отыр.

Балалардың экология-биология бағыттағы қосымша білім жүйесін дамытудың маңызды аспектілерін талқылау, әртүрлі қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін бала құқығын қамтамасыз етуге бағытталған басымдылықтарды анықтауға, сабақтан тыс қызметте ынталандыру әлеуетін дамытуға көмектеседі.

Үйлестіру кеңесі қатысушыларымен қорытынды ұсынымдар әзірленеді.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі нөмірлерге хабарласа аласыздар:

**Астана қаласында: +7 (7172) 24 93 08; e-mail: nt\_ekotur@mail.ru;**

**Алматы қаласында: +7 (72-7) 30-96-644; 8-701-755-31-30, e-mail: arisheva\_zeiner@mail.ru**